

<b>Коучинг-сессияның тақырыбы</b>	<b>Қалыптастырушы танымдық кері байланыс түрлерін ұйымдастырудың тиімді жолдары</b>		
	<b>Коуч:</b> Панияз Ш. I деңгейлі сертификатталған мұғалім		
<b>Ресурстар:</b>	<u>Интерактивті тақта, Флипчарт қағаздары, маркерлер, қайшылар, түрлі-түсті қағаздар, фломастерлер.</u>		
<b>Мақсат:</b>	<i>Қалыптастырушы танымдық кері байланыс түрлерін сабақта тиімді қолдануды үйрену</i>		
<b>Міндеттер:</b>	Оқушыны тиімді кері байланыспен қамтамасыз ету ережелерін анықтау Танымдық кері байланыстың оқушының өзін-өзі реттеуіне әсерін түсіну Кері байланыс үдерісін сабақ жоспарына енгізу тәжірибелерін арттыру		
<b>Оқыту нәтижелері:</b>	Сабақта қалыптастырушы бағалаудың танымдық кері байланыс түрлерін ұйымдастырудың тиімді жолдарын білу		
<b>Негізгі идея:</b>	<i>Сабақтың тиімділігі мен сапасын арттыру үшін оқушыларды тиімді танымдық кері байланыспен қамтамасыз етуді үйрену</i>		
	<b>Коуч әрекеті</b>	<b>Мұғалімдердің әрекеті</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>5 мин</b>	<i>Коучингтің тақырыбын, мақсатын айтады. «Айна» тренингі.</i>	<i>Коучингтен күтілетін нәтижелерін жазады (Не білемін, не білгім келеді)</i>	<i>Интерактивті тақта Флипчарт қағаздары Маркерлер</i>
<b>1 тапсырма 10 мин</b>	Кері байланыс дегеніміз не? Ол оқушыға не береді? Мұғалімге не береді?	Рөлдік ойын арқылы (мұғалімдер бір-біріне қарама қарсы тұрады. Бірінші қатар кері байланыс оқушыға не береді деген сұраққа оқушының көзқарасымен жауап береді. Екінші қатар кері байланыс мұғалімге не береді деген сұраққа	<i>Интерактивті тақта Флипчарт қағаздары Маркерлер</i>

	Рөлдік ойыннан кейіннен слайдтан түйінді сөздер беріледі.	мұғалімнің көзқарасымен жауап береді. Екінші айналымда екі қатар рөлдерімен ауысады.	
<b>2 тапсырма</b> <b>15 мин</b>	Оқушыны тиімді кері байланыспен қамтамасыз ету ережелерін құрастырыңыз.	Топтар ынтымақтастықта жұмыс істеу арқылы оқушыны тиімді кері байланыспен қамтамасыз ету ережелерін толтырып, постер арқылы қорғайды.	<i>Флипчарт қағаздары</i>  <i>Маркерлер</i>
<b>3 тапсырма</b> <b>10 мин</b>	Кері байланыс үдерісін сабақ жоспарына енгізуді үйрену.	Топтар сабақ жоспарына кері байланыс орнату жолдарын енгізуге арналған тапсырмалар дайындайды. Жазған тапсырма бойынша бағалау критеріін жазады да, тапсырманы қарсы топқа береді. Бағалау критерілері арқылы бір-бірінің тапсырмаларын бағалайды.	<i>Флипчарт қағаздары</i>  <i>Маркерлер</i>
<b>5 мин</b>	«Жүректен жүрекке» тренингі	«Әдемі бақ» жаттығуы. Жағымды музыка әуені ойнап тұрады. Барлығымыз көзімізді жұмамыз. Енді өздеріңізді гүлге теңеніз. Егер Сіз гүл болсаңыз, қандай гүл болар едіңіз? Жапырақтарыңыз қандай болар еді? Үлкен бе, әлде кішкентай ма? Қанық түсті ме, әлде ашық түсті ме? Ал енді	

		<p>елестетіп болсақ, осы ойымызды қағаз бетіне түсірейік. Мұнан кейін салынған суреттерді қиып алып, ілулі тұрған «жүрекке» орналастырамыз. Талқылау: - Қарап отырсақ, барлығымыздың гүлімізге орын жетеді екен. Бәріміз де гүлімізді өзіміз таңдаған орынға орналастырдық. Гүлдеріміз әр түрлі, бойы да әр түрлі, қаншама гүлмен көмкеріліп тұр. Осы гүлдердің барлығына да жарық пен жылу керек (гүл - бала, жүрек - мұғалімнің жүрегі)</p>	
<p><b>Қорытынды</b> <b>5 мин</b></p>	<p><i>Танымға бағытталған кері байланыс ұсына аласыз ба?</i></p>	<p><i>Әр топ өз тәжірибелеріндегі ҚБ кері байланыс жолдарымен бөліседі.</i></p>	
<p><b>Рефлексия/</b> <b>бағалау</b></p>	<p><i>Коучингтен алған нәтижелерін жазады. «Нысана» әдісі арқылы кері байланыс.</i></p>		